

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ

ШЕТ ТІЛІ КАФЕДРАСЫ

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«АЗИЯ ЕЛДЕРІНДЕГІ ШЕТ ТІЛДЕРІ:
ОҚЫТУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯСЫ»
атты халықаралық онлайн ғылыми-практикалық
конференцияның материалдарының жинағы

26 қараша, 2021 ж.

Collection of articles of the International
online scientific and practical conference
"FOREIGN LANGUAGES IN ASIAN COUNTRIES:
TEACHING EXPERIENCE AND INNOVATION"
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence

November 26, 2021

Сборник материалов Международной
научно-практической онлайн-конференции
«ИНОСТРАННЫЕ ЯЗЫКИ В СТРАНАХ АЗИИ:
ОПЫТ ПРЕПОДАВАНИЯ И ИННОВАЦИИ»,
посвященной 30-летию независимости Республики Казахстан

26 ноября 2021 г.



INNOVATION

Нур-Султан
2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ФАКУЛЬТЕТІ**

ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІ КАФЕДРАСЫ

**Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы» атты
халықаралық онлайн ғылыми-практикалық конференцияның
материалдарының жинағы
26 қараша, 2021 ж.**

**Collection of articles of the International online scientific and practical
conference "Foreign Languages in Asian Countries:
Teaching Experience and Innovation"
dedicated to the 30th anniversary of Kazakhstan's Independence
November 26, 2021**

**Сборник материалов Международной научно-практической
онлайн-конференции «Иностранные языки в странах Азии: опыт
преподавания и инновации», посвященной 30-летию независимости
Республики Казахстан
26 ноября 2021 г.**

@Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А30

Редакция алқасы:

Төраға – Қосыбаев М.М., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің деканы
Жауапты редактор – Мейрамбекова Л.К., PhD, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ халықаралық қатынастар факультетінің шетел тілдері кафедрасының меңгерушісі
Ғылыми редакторлар – Бейсембаева С.Т., ф.ғ.к.,
Есенғалиева А.М., п.ғ.к.
Техникалық редакторлар – Милованова Н.В., магистр;
Кулахметова Ж.Т., магистр

«Азия елдеріндегі шет тілдері: оқыту тәжірибесі және инновациясы»
Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдары (26 қараша 2021 жыл). – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2022. – 299 б.

ISBN 978-601-337-620-2

Жинаққа «Азия елдерінде шет тілдерін оқыту: тәжірибесі мен инновациясы» халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференцияның материалдары енді. Конференцияға Ресей Федерациясы, Франция, Испания, Түркия, Әзірбайжан, Қырғызстан және Қазақстан білім берудегі саласының мамандары қатысты.

Жинақта білім беру ісінің өзекті мәселелері, осы заманғы озық технологияларды меңгеру мен оны оқыту ісінде қолданудың тиімді әдістері, кредиттік оқыту жүйесінің теориясы мен әдістемелік негіздері, педагогикалық қызметтің теориясы мен практикасы, халықаралық білім беру технологияларын тиімді пайдаланудың әдіс-тәсілдері кең көлемде қамтылған.

Конференция материалдары профессор-оқытушылар құрамына, ЖОО-ның білім алушыларына, сонымен қатар қалың көпшілікке арналған.

ISBN 978-601-337-620-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

6. Richards J.C., Schmidt R. (2002) Longman Dictionary of Language Teaching & Applied Linguistics (3rd edition). - Essex: Pearson Education Limited, 2002 – 654 p.
7. Dörnyei Z., Thurrell S. (1991). Strategic competence and how to teach it. // ELT Journal - 45(1) – P. 16-23.
8. Rubin J. (1981). Study of Cognitive Processes in Second Language Learning. // Applied Linguistics – 11– P.117-123.

ӘОЖ: 372.881.111.1

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ОҚУШЫЛАРДЫҢ ВЕРБАЛДЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ДАМУ

Ботабаева Айгерім Жандарбекқызы

aigerim.00.98@mail.ru

магистрант

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Кулахметова Жанна Ташқызы

zh.kulakhmetova@gmail.com

аға оқытушы, гуманитарлық ғылымдарының магистрі

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты білім беру жүйесінде өзгерістер байқалуда. Бұл өзгерістер оқытудың жаңа технологияларын қолдануды талап етеді. Инновацияның дамуы және оның сабақ жүйесінде орынды әрі талапқа сай қолданылуы оқытушылар үшін өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл жұмыстың мақсаты – білім беру жүйесінде қолданылатын жаңа инновациялық технологияларды қарастыра отырып, оның вербалды қарым-қатынасты дамытудағы мүмкіндіктерін көрсету болып табылады.

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде жаһандық компьютерлендіру адам қызметінің барлық салаларын, соның ішінде ғылым мен білімді қамтиды. Интернеттің дамуы және оқу процесін жеңілдететін көптеген компьютерлік бағдарламалардың пайда болуы, шет тілдерін үйрену жолын айтарлықтай өзгертіп, сан алуан мүмкіндіктер берді. Инновациялық технологиялар оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен дүниетанымдарын дамытудағы қолайлы әдістердің бірі ретінде қарастырып отыр [1;78].

Н.К. Рябцеваның ойынша компьютерлік технологияны пайдалану, оқу процесіне эвристикалық жаңалық енгізеді және өзін-өзі тану мен өзін-өзі жетілдіруге мотивация береді, сонымен қатар сабақты тартымды және шын мәнінде заманауи етуге мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [2; 456].

Оқытудың заманауи технологиялары әртүрлі формаларды, әдістерді, оқыту құралдарын оңтайлы қарастыра отырып, қойылған мақсаттарға неғұрлым тиімді жолмен қол жеткізуді көздейді. Осы орайда, тілді меңгерудегі процесс қызықты, мазмұнды әрі шынайы тілдік шығармашылыққа айналғанда

ғана оқытушы білім алушыны ынталандырып, жаңа білім беру стандарттарына сәйкес дамыта алады [3; 22].

Инновациялық технологияларды таңдаудағы басты қиындық, оның оқу процесінде дұрыс әрі тиімді қолданылуында. Оқытушы белгілі бір технологияны таңдауда оның қарама қайшылықтарын зерттеп, танысып алуы міндетті болып табылады, яғни туындайтын қиындықтармен таныс болуы керек. Сондықтан, оқытушы алдын ала таңдалған ресурстардың барлық мүмкіндіктері мен ережелерін егжей-тегжейлі меңгеруі маңызды болып табылады.

Бүгінгі таңда оқытушының басты міндеті – оқушыға тілді іс жүзінде меңгеруіне жағдай жасау, әр оқушының белсенділігін, шығармашылығын, даралығын танытуға мүмкіндік беретін оқытудың әдістері мен формаларын қолдану. Шет тілін меңгерудің басты мақсаты коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру, яғни ауызша сөйлеуге үйрету. Сөйлеу – вербалды қарым-қатынас, тіл арқылы қарым-қатынас жасаудың сөздік процесі [4;64]. Яғни білім алушылардың тілді меңгеру барысында өзара тіл алмасып, вербалды тұрғыда тілдесулері маңызды болып табылады.

Вербалды қарым-қатынас деп адамдардың бір-бірімен түрлі деңгейде ақпарат алмасуын айтамыз. Вербалды қарым-қатынаста ақпарат ауызша немесе жазбаша түрде жеткізіледі. Бұл қарым-қатынас тек адамға ғана тән болып келетін және тілдік деңгейді толық меңгеруді қажет ететін қарым-қатынастың бір түрі болып табылады. Вербалды емес қарым-қатынастың барлық түрлері мен формаларына қарағанда, вербалды қарым-қатынастың мүмкіндіктері әлдеқайда басым, әрі ақпарат алмасу жолының тиімді және маңызды бөлігі болып табылады. Алайда, вербалды қарым-қатынас ақпарат алмасу бөлігінде вербалды емес қарым-қатынас түрімен тығыз байланысты екенін ескерген жөн.

Вербалды қарым-қатынастың негізгі формасы сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сөйлеу табиғи дыбыстық тіл, яғни екі принципті – лексикалық және синтаксистік қағидаларды қамтитын фонетикалық белгілер жүйесі деп түсіндіріледі. Сөйлеу коммуникацияның ең әмбебап құралы болып табылады.

Вербалды қарым-қатынастың түрлеріне мыналар жатады: [5].

Әңгімелесу, пікір алмасу. Яғни, бұл коммуникативті өзара әрекеттесу тәсілі, оның барысында қатысушылардың әрқайсысы талқыланатын тақырып бойынша өз көзқарасын білдіреді. Әңгімелесу сабырлы, еркін түрде жүргізіліп, кез келген сұхбаттасушы өз пікірін айта алады. Мұнда сұрақтар қоюға, маңызды мәліметтерді білуге, түсініксіз жерлерді анықтауға болады.

Аргумент келтіру немесе дискуссия. Қарым-қатынас процесінде қатысушылардың қарама-қарсы көзқарастары айтылады. Яғни, пікірлер сәйкес келмейді, талқыланатын мәселе бойынша көзқарастар бірдей болмауы мүмкін, әрқайсысы өз ұстанымын қорғайды, дәлелдер келтіреді, өзінің дұрыстығын дәлелдеуге тырысады. Дискуссия – вербалды қарым-қатынастың бір түрі, оны орыс тілінде полемика, диспут немесе дебат деп те атайды.

Вербалды қарым-қатынастың тағы бір түрі – *пікірталас*. Бұл сөз латынның *discano* (зерттеу, талдау, қарастыру) сөзінен шыққан және қоғамдық дауды білдіреді, оның барысында әңгімелесушілер өз пікірлерін айтады, салыстырады және талқыланатын мәселеге бірден-бір дұрыс көзқарасты табады. Талқылау барысында қатысушылардың өздері дұрыс көзқараспен келіседі, сондықтан бұл ауызша қарым-қатынас әдісі ең тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Вербалды қарым-қатынастың тіл меңгеру барысында маңызды рөл атқаратынын тұжырымдауға болады. Заманға сай білім беру жүйесінде жана инновациялық технологияларды қолдану оқытушының басты міндеті болғандықтан, вербалды қарым-қатынасты инновациялық технологиялар арқылы қалай қызықты әрі тиімді қолдануға болатыны өзекті болып отыр.

Қазіргі таңда білім жүйесінде вербалды қарым-қатынасты дамытуда бірнеше технологиялар мен платформалар қарастылған. Сол заманауи платформалардың бірі – *Flipgrid, Padlet* және *Google Form* болып табылады.


Flipgrid – берілген сабақ тақырыбы бойынша қысқа бейнежауаптар мен әңгімелер құру арқылы оқушылардың коммуникативті дағдыларын дамытудағы тиімді әрі тегін платформалардың бірі [6].

Кез келген педагог немесе студент *Flipgrid* жүйесіне тіркеле алады. Тіркелгеннен кейін оқытушы өзінің сыныбын (*grid*) ашады, онда студенттерден шағын бейне хабарламаларды жинай алады. Әрбір сыныпқа арнайы код тағайындалады. Бұл код арқылы оқушылар сыныпқа қосыла алады. Оқытушы студенттердің барлық бейнежауаптарын ашылған сыныбының ішінде көре алады. Сонымен қатар, оқытушы студенттерге кері байланыс бере алады, бейнені бағалай алады және кейбір түзетулер енгізе алады.

Flipgrid қолданудың артықшылықтары:


- *Бағалау үшін қолдануға ыңғайлы және икемді.* Тапсырма бейнежауап ретінде жазылғандықтан, оқытушы студенттердің сөйлеу дағдыларын өз бағалау критерийі бойынша кез-келген уақытта бағалай алады. Сонымен қатар жазбаны бірнеше қайта көруге мүрсат бар.
- *Оқушылар өз деңгейлерін бағалай алады.* Бейнежазба студенттерге өздерінің жазбаларын көруге және қатемен жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Оқушылар қате мен жұмыс жасай отырып, белгілі бір дағдыларын жақсартуға үлкен мүмкіндік алады.
- *Білім алушылардың цифрлық сауаттылық дағдыларын арттырады.* Оқушылар *Flipgrid* платформасында жұмыс істей отырып, оның артықшылықтарын меңгереді, сонымен қатар, платформаны практикалық тұрғыда қолданулары олардың цифрлық сауаттылық дағдыларын арттырады.
- *Оқушыларды сөйлеуге ынталандырады.* Оқушылардың көпшілігі сөйлеген сөздерін жазып алуды, сыныптастарын тыңдауды және жауап беруді ұнатады. Студенттер бейнежауаптарын жаза отырып, сөйлеу дағдыларын дамытуға үлкен мүмкіндік алады.

Flipgrid платформасын қолданудағы жеке тәжірибеммен бөлісетін болсам. (Сурет.1) Бұл платформа оқушылардың вербалды қарым-қатынасын дамытуда үлкен рөл атқаратынын атап өтуге болады. Студенттер бейнежауаптар жаза отырып, өздерінің сөйлеу барьерлерін жеңіп, әрбір тапсырманы қызыға отырып орындауы оқытушы үшін үлкен жетістік деп ойлаймын. Платформаны қолдану барысында оқушылардың өз ойларын еркін жеткізіп, сөйлеу дағдыларын жоғары деңгейде дамытқандарын байқадым. Видео жазу барысында да оқушылар шығармашылық қабілеттерін танытып, видеоны тикток сияқты түрлі девайстармен жазып өздерін әртүрлі қырларынан көретті. *Flipgrid* вербалды қарым-қатынасты дамытудағы ең қолайлы платформалардың бірі деп тұжырымдауға болады.




Сурет.1 “Speech cliches for birthday wishes”

Вербалды қарым-қатынасты дамытудағы платформаның түрі – *Padlet* [7]. *Padlet* бұл онлайн тақтасын құруға арналған тегін платформалардың бірі. *Padlet* платформасына кез келген тұлға ақпарат қалдырып, сурет тіркеп, файлды немесе хабарландыруды орналастыра алады. Қолданылған барлық ресурстар бір жерде жиналып, оқушылардың онлайн қолдануларына мүмкіндік береді. Оқушылар Google аккаунттарымен тіркеліп, жауап қалдыра алады. Мысалы, *Padlet* платформасына “One dark October evening” атты тақырыпқа вербалды қарым-қатынасты дамыту мақсатында тапсырма салдым. (Сурет.2) Бұл тапсырмада оқушылар суреттерге қарап, оқиғаны сипаттаулары керек. Сонымен қатар, платформада суретті сипаттауға арналған кілт сөздер мен етістікті тіркестер берілген. Бұл тапсырма арқылы оқушылар шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамыта алады. Суретті сипаттай отырып, өз ойларын жеткізе отырып, сөйлеу дағдыларын мен вербалды қарым-қатынастарын жетілдіре алады. Берілген кілт сөздер мен етістікті тіркестер сөздік қорларын көбейтуге мүмкіндік береді. Ал *Padlet* платформасы оқушылардың цифрлық құзырлықтарын мен қызығушылықтарын арттыра отырып, вербалды қарым-қатынастарты дамытуда тиімді әрі қолайлы платформаның бірі ретінде қарастыруға болады.



Сурет.2 “One dark October evening”

Келесі платформаның түрі – *Google sites* [8]. *Google Sites* бұл Google компаниясы ұсынған веб-сайт құруға арналған тегін платформалардың бірі. Сайт пайдаланушылары бірге жұмыс істей алады, *Google Docs*, *Google Calendar*, *YouTube*, *Google Photos* және т.б. Google қолданбаларынан ақпаратты қоса алады. Сайт жасаушы басқа пайдаланушыларды сайтта бірлесіп жұмыс істеуге шақыра алады, олардың материалдарға қол жеткізуін бақылай алады. Сайттағы жұмыс визуалды редакторда жүзеге асырылады. Яғни, сайтты әсемдеуге болатын бірнеше дайын дизайн үлгілері көрсетіледі. Оқытушы бос парақты пайдаланып өзінің дизайнын жасай алады. Сонымен қатар, тек авторизацияланған пайдаланушылар мазмұнды өзгертіп, пікір қалдыра алады, анонимді тұрғыда сайтқа өзгертулер енгізілмейді. Мысалы, *Google Sites* арқылы оқушыларға рөлдік тапсырма беруге болады. (Сурет.3) Бұл тапсырманы веб-квест технологиясына негізделіп жасадым. Оқушылардың міндеті рөлдерге бөліне отырып Ұлыбритания туралы пайдалы әрі қызықты фактілерді табу. Веб-сайт визуалды тұрғыда жұмыс істеуге оңтайлы етіп жасалынған. Яғни оқушы тапсырма орындау барысында еш қиындықсыз ретімен келесі бөлімге өте алады. Студенттер веб-сайтпен жұмыс істеу барысында, цифрлық сауаттылықтарын арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамыта алады, сонымен қатар, берілген тапсырма топтық жұмысқа және рөлдік ойынға бағытталғандықтан оқушылар вербалды қарым-қатынастарын дамыта алады.



Сурет.3 “Great Britain”

Қорытындылай келе, инновациялық технологиялардың білім беру жүйесінде маңызды орын алатынын тұжырымдауымызға болады. Оқушылардың құзырлығын арттырып, пәнге деген қызығушылығы мен мотивациясын арттыру әрбір оқытушының басты мақсаты. Бұл орайда инновациялық технологиялар заманауи қолданыстағы білім беру әдістерінің басты қаруы болып табылады. Жоғарыда көрсетілген *Flipgrid*, *Padlet*, *Google Sites* сияқты платформалар оқушылардың бір ғана бағытта емес, бірнеше бағытта дамуына мүмкіндік береді. Білім алушылар цифрлық сауаттылықтарын дамытып қана қоймай, шығармашалық және логикалық ойлау қабілеттерін де дамытуға мүрдат алады. Сонымен қатар, вербалды қарым-қатынасты дамытуға ең қолайлы платформалардың бірі деп тұжырымдауға болады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Boldyreva, N.V. Influence of information and communication technologies on effectiveness of educational process // *European Science and Technology: Materials of the Vth international research and practice conference*. Vol. II, Munich, October 3rd – 4th, 2013, publishing office Vela Verlag, Waldkraiburg – Munich – Germany, 2013, p.78.
2. Рябцева Н.К. Новые коммуникативные тенденции в современной культуре и инновации в области преподавания иностранного языка // *Лингвистика и методика преподавания иностранных языков : периодический сборник статей*. Выпуск 8. Электронное научное издание. – М.: Институт языкознания РАН. – 2016. – С. 456.
3. Беляева И.С. Из опыта составления учебного пособия по английскому языку для студентов технического вуза / И.С.Беляева, А.Е.Шабанова // *Вестник ТГТУ*. Серия: Науки об обществе и гуманитарные науки. – 2016. – No 3. – С. 22.

4. Ефименко С.В. Развитие психофизиологических механизмов говорения на занятиях по иностранному языку в техническом вузе // Известия Южного федерального университета. Технические науки. 2010. No 10 (111). С. 64.
5. <https://academy-of-capital.ru/blog/verbalnaya-kommunikatsiya/>
6. <https://flipgrid.com/3b8bd9f1>
7. <https://padlet.com/botabaeva1998/3ycibo85jxds4v26>
8. https://sites.google.com/d/1J8BP2gIJltayt2y_qfzt8GSw8kWimaPj/p/11vxWaC0ii__WeCeQvdi_d50IOPN_atwj/edit

ӘОЖ 811.111

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН АРАЛАС ОҚЫТУДЫҢ ЭКСПЕРИМЕНТ НӘТИЖЕЛЕРІ

Даулетбек Алия Сарсенбекқызы

aliya_nurum@mail.ru

магистрант

Шоқан Уалиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан

Қазір өркениетке апаратын құрал тек қана – білім. Сол білім арқылы еліміздің, өсіп келе жатқан ұрпағымызды, жалпы алғанда болашағымызды жарқын ете аламыз. Қазіргі таңда көптеген оқушыларымыз, студенттеріміз өздерінің білімдерін әлемдік деңгейде көрсетіп жатыр, бұл еліміздің Білім Беру жүйесінің жоғары деңгейде екенінің айқын дәлелі. Сол деңгейді одан ары жоғары көтеріп, түсірмей, әлемдік деңгейде ұстап тұруымыз қажет. Ол үшін көп көңіл тіл саласына, әсіресе ағылшын тілінің дамуына ұстаздар, соның ішінде Аңылшын тілінің мамандары өз үлесін қосулары маңызды.

Білімді ұрпақ болашақ иесі болып табылады. Ал білімді халық- Еліміздің болашағының қалыптасуы болып саналады. Халқымыздың сапалы білім алуы мұғалімдердің білімділік және кәсіби шеберлігін қажет етеді. Бүгінгі күні білім игеру процесінің ең басты мәселесі мен мақсаты үйренушілердің белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру болып табылады. Белсенді әрекеттер арқылы шәкірт білімді өз бетімен меңгереді. Қазіргі біліктілікті арттырудың жаңа жүйесі мұғалімнің ізденушілік – зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды шебер меңгеруді талап етеді.

Мұғалімдер өз кезегінде өзінің сабақ беруіне емес, тыңдаушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуға тиіс. Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдермен теория жүзінде таныса отырып оқушылардың қабілетін жақсартуға мүмкіндік беретін педагогикалық тетіктерді білдім. Іске тартылған педагогикалық тетіктер: оқыту негізін түсіну, өмір бойы өзін-өзі оқытудың қажеттілігін мойындау және оның әдіс-тәсілдерін таңдау, жүйелі ойлауға үйрету, оқушылардың шығармашылық таланттарын және оларды барынша жақсы